

## 1995 жылғы 27-шілдедегі N 143-п бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Бұйрық Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1996 жылғы 28 ақпан N 40-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 12 наурыз N 160 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23-желтоқсандағы N 2720 U952720\_ заң күші бар "Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" жарлығына сәйкес бұйырамын:

1. Өнеркәсіп және сауда министрлігінің 1995 жылғы 27 шілдедегі N 143-п бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының аумағында алкогольді ішімдіктер мен сыраны бөлшек саудада сату Ережесінің мына төмендегі тарауларының күші жойылған деп есептелсін:

2-тармақ: "Жалпы талаптар";

"Алкогольді ішімдіктерді сатуға лицензиялар /патенттер/ беру тәртібі"

2. Жергілікті жерлердегі сауданы басқару органдары осы бұйрықты мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізетін болсын.

Министр